**Кезектен тыс № 9 педагогикалық кеңес**

хаттамасының көшірмесі

14.06.2024ж

Өткізілу орны: Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК

Қатысқандар:

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 27 желтоқсанындағы №12 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжымды 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығымен таныстыру туралы.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін –өзі бағалауды өткізу туралы комиссия құрамын бекіту туралы.

**Тыңдалды:** Сөзді мектеп директоры Л.М. Култаева алды. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес Астана қаласындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестация жүргізілетінін айтып өтті. Астана қаласындағы 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды. Осы тізімге сәйкес 2024 жылдың қазан айында мектебіміз мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтетінін хабардар етті. Сондай –ақ мектеп ұжымына өзін-өзі бағалау процедурасын дайындау және өткізу бойынша өте ауқымды және жауапты жұмыс жүктелетінін айтты

**Сөйлеген:** Сөз сөйлеген директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А. Жакенова мектептің жан-жақтылығын, оқушылар мен ұстаздардың жетістіктерін көрсету үшін әлі де талай жұмыс күтіп тұрғанын айтты. Ол жұмыстың әртүрлі бағытта жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бірінші кезекте оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс және әр бағытта айтарлықтай жетістіктер бар екенін атап айтты.

**Шешімі:** Мектептің мемлекеттік аттестациядан өтетіні туралы мәліметтер әрі қарай жұмыс барысында ескерілсін

**2. Тыңдалды:** Мектеп директоры Л.М. Култаева бағалау өлшемшарттарына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін –өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін іріктеу туралы.

Өзін –өзі бағалау үшін «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкесматериалдарды дайындау және талдау жөніндегі комиссия құру қажет.

Комиссия төрайымы мектеп директоры болып табылатынын, алдағы жұмыстарды сапалы әрі үлкен жауапкершілікпен атқару қажет болғандықтан комиссия құрамына біліктілігі жоғарысанатты нгізу керектігін атап айтты.

Комиссия мүшелігіне кандидаттар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды.

Дауыс беру барысында педагогтардың кандидатуралары бірауыздан қолдау тапты.

**ШЕШІМІ:**

1. Мектептің мемлекеттік аттестациядан өтуі туралы мәліметтер өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу бойынша одан әрі жұмыста ескерілуі қажет

2. мектептің өзін –өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия білікті педагогтардан құрылсын.

Л.М. Култаева –комиссия төрайымы;

Комиссия мүшелері:

Б.Т. Алниязов – директордың бастауыш сыныптар бойынша орынбасары;

А.А. Жакенова- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

А.Б. Кулькеева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

А.А. Сулейменова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Н.Ш.Дыбыспаева- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

М.И. Асуханов-қамқоршылық кеңестің төрағасы;

Х.Зампай –кәсіподақ комитетінің мүшесі;

Н.Т.Кончеков- директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары;

3. Мектептің өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 «Білім беруді ұйымдастыруды бағалау критерийлерін бекіту туралы » бұйрықты одан әрі жұмыс істеу үшін зерттесін.

Педкеңес төрайымы: Л.М. Култаева

Хатшы: С.Б. Сейтжанова